

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 25 желтоқсандағы N 1335 қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 19 шілде N 1002

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын бағдарламалардың әкімші-мекемелерінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 25 желтоқсандағы N 1335 P981335\_ қаулысына мынадай толықтырулар е н г і з і л с і н :

1) аталған қаулымен бекітілген Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын орталық атқарушы органдар әкімшілік ететін бағдарламалар мен кіші бағдарламалардың тізбесіне:

608 "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі" бөлімі мынадай мазмұндағы 10-бағдарламамен және 30-кіші бағдарламамен толықтырылсын:

"10 Кадрларды республикалық деңгейде қайта даярлау  
30 Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясы";

2) Республикалық бағдарламаларды орындайтын, республикалық бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ аталған қаулымен бекітілген, заңға сәйкес мемлекеттік мекемелерге қайта тіркеуге жататын мекемелер тізбесі:

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі" реттік нөмірі 29-жол, мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 1-жолмен толықтырылсын:

"1. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясы".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Оқығандар:  
Қобдалиева Н.  
Орынбекова Д.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК